

**Педагогикалық кеңес отырысының
№ 1 ХАТТАМАСЫ**

Тақырыбы: «Мектепке дейінгі ұйымның жаңа оқу жылына дайындығы.

Тәрбие мен оқыту процесінің бағытын ұйымдастыру»

Өткізілген күні: «07» 08. 2023 ж.

Өткізілген орны: «Балбөбек»бөбекжайы» КМҚК

Қатысқандар саны: 28

Күн тәртібі

1. Мектепке дейінгі ұйымның жаңа 2023–2024 оқу жылына дайындығы.
2. Жаңа оқу жылындағы тәрбие мен оқыту процесінің негізгі бағыттары.
3. Педагогтердің оқу жылына арналған перспективалық және күнтізбелік жоспарларын бекіту.
4. Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды

Бірінші мәселе бойынша:

Меңгеруші Қ.Д.Бақтыбаева сөз алып, мектепке дейінгі ұйымның жаңа оқу жылына дайындығы туралы ақпарат берді. Топтардың санитарлық-гигиеналық жағдайы, қауіпсіздік талаптарының сақталуы, материалдық-техникалық базаның жай-күйі және дамытушы заттық-кеңістіктік ортаның талапқа сәйкестігі туралы баяндалды.

Балаларды қабылдау, топтарды жасақтау, педагог кадрлармен қамтамасыз ету және қажетті оқу-әдістемелік құралдармен жабдықтау жұмыстарының орындалғаны атап өтілді.

Екінші мәселе бойынша:

Әдіскер М.К.Каргатаева жаңа оқу жылындағы тәрбие мен оқыту процесінің басым бағыттарымен таныстырды. Мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандартына сәйкес білім беру қызметін ұйымдастыру, балалардың құзыреттіліктерін дамыту, ұлттық құндылықтарды дәріптеу және «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру мәселелері қарастырылды.

Сондай-ақ балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, инклюзивті білім беру, ата-аналармен ынтымақтастық және инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану бағыттары талқыланды.

Үшінші мәселе бойынша:

Педагогтердің жаңа оқу жылына арналған перспективалық жоспарлары мен циклограммалары қаралып, бекітуге ұсынылды.

Педагогтер жаңа оқу жылындағы негізгі міндеттерді жүзеге асыру жолдары бойынша пікірлерін білдіріп, білім беру сапасын арттыруға бағытталған ұсыныстарын ұсынды.

Қаулы етеді

1. Мектепке дейінгі ұйымның жаңа оқу жылына дайындығы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Тәрбие мен оқыту процесі мемлекеттік нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес ұйымдастырылсын.

3. Барлық педагогтер оқу-тәрбие жұмысын жылдық жоспар негізінде жүйелі жүргізсін.
4. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы оқу-тәрбие процесіне енгізіліп, жүйелі жүзеге асырылсын.
5. Балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау шаралары тұрақты бақылауда болсын.
6. Перспективалық жоспарлар мен циклограммалар бекітілсін.
7. Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыруға бағытталған әдістемелік жұмыстар жалғастырылсын.

«Балбөбек»бөбекжайы»КМҚК
меңгерушісі:
Хатшы:



М.К.Каргатаева
Г.Ж.Ермекбаева